**2021 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін, ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басына арналған жемшөп шығындарының құнын арзандатуға субсидиялар нормативтерін, субсидия алушыларға қойылатын өлшемшарттарын және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдерін бекіту туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 2 ақпандағы № 15 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 4 ақпанда № 7113 болып тіркелді

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 09.12.2021 № 276 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18404 болып тіркелді) бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

Ескерту. Преамбула жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 09.12.2021 № 276 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес 2021 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері бекітілсін

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 09.12.2021 № 276 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-1. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес 2021 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басына арналған жемшөп шығындарының құнын арзандатуға субсидиялар нормативтері, субсидия алушыларға қойылатын өлшемшарттарын және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдері бекітілсін

Ескерту. Шешім 1-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 09.12.2021 № 276 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысының әкімі* *К. Аксакалов*

Солтүстік Қазақстан
облысы әкімдігінің
2021 жылғы 2 ақпандағы
№ 15 қаулысына 1-қосымша

**2021 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 27.04.2021 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; 09.12.2021 № 276 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; 27.12.2021 № 295 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

| № | Субсидиялау бағыты | Өлшем бірлігі | Субсидияланатын көлемі | Субсидиялар көлемі , мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| | Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы | | | |
| 1. | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу: | | | |
| 1.1 | Ірі қара малдың тауарлық аналық басы | Бас/шағылыстыру маусымы | 12 750 | 127 500,0 |
| 1.2 | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы | | 15 591 | 233 865,0 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2. | Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу | Сатып алынған бас | 653 | 97 950,0 |
| 3. | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу: | | | |
| 3.1 | Отандық | | 1 117 | 167 550,0 |
| 3.2 | Аустралия, АҚШ, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған | Сатып алынған бас | 498 | 149 400,0 |
| 4. | Ірі қара малдың тұқымдық шығу тегіне сәйкес келетін импортталған аналық басын сатып алу | | 5 000 | 750 000,0 |
| 5. | Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарақтарының ( оның ішінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың еркек дарақтары) құнын арзандату | Тірідей салмағы, килограмм | 601 125 | 120 225,0 |
| | Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы | | | |
| 1. | Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу | | | |
| 1.1 | Қос жынысты | Сатып алынған доза | 3 881 | 19 405,0 |
| 2. | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу: | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2.1 | Отандық | Сатып алынған бас | 290 | 58 000,0 |
| 2.2 | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған | | 63 | 14 175,0 |
| 2.3 | Аустралия, АҚШ, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған | | 2 179 | 871 600,0 |
| 3. | Сүт өндіру құнын арзандату | | | |
| 3.1 | Бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылықтар | Өткізілген немесе өңделген килограмм | 48 923 093,44 | 2 201 539,205 |
| 3.2 | Бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылықтар | | 14 930 136 | 447 904,080 |
| 3.3 | Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылықтар | | 12 302 289 | 246 045,780 |
| 3.4 | Ауыл шаруашылығы кооперативі | | 13 000 000 | 260 000,0 |
| 4. | Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті бағытындағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерік орталықтарды субсидиялау | Осы жылы ұрықтандырылған бас | 7 114 | 35 570,0 |
| | Етті құс шаруашылығы | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Ата-енелік/ ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу | Сатып алынған бас | 27 070 | 16 242,0 |
| 1. | Құс етін өндіру құнын арзандату | | | |
| 1.1 | 500 тоннадан басталатын нақты өндіріс | Өткізілген килограмм | 521 240 | 26 062,0 |
| | Жұмыртқалы құс шаруашылығы | | | |
| 1. | Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу | Сатып алынған бас | 1 702 323 | 102 139,380 |
| 2. | Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату (2022 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады) | | | |
| 2.1 | 100 миллион данадан басталатын нақты өндіріс | Өткізілген дана | 212 277 694 | 254 733,2328 |
| 2.2 | 50 миллион данадан басталатын нақты өндіріс | | 43 394 293 | 47 733,7223 |
| 2.3 | 20 миллион данадан басталатын нақты өндіріс | | 82 475 600 | 82 475,6 |
| | Қой шаруашылығы | | | |
| 1. | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу | Бас/ шағылыстыру маусымы | | |
| 1.1 | Қойлардың асыл тұқымды аналық басы | | 2 838 | 11 352,0 |
| 1.2 | Қойлардың тауарлық аналық басы | | 912 | 2 280,0 |
| 2. | Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу | Сатып алынған бас | 3 359 | 50 385,0 |
| | Жылқы шаруашылығы | | | |
| 1. | Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу | Сатып алынған бас | 7 | 700,0 |
| | Шошқа шаруашылығы | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Асыл тұқымды шошқалар сатып алу | Сатып алынған бас | 1 300 | 182 000,0 |
| 2. | Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу | Бас/ шағылыстыру маусымы | 5 111 | 204 440,0 |
| | Облыс бойынша жиыны | | | 6 781 272,0 |
| Жергілікті бюджеттен бөлінген бюджет қаражаты есебінен: | | | | |
| 1. | Ауыл шаруашылығы жануарлары аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату | | | |
| 1.1 | Ауыл шаруашылығы жануарларының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату (50 бастан 400 басқа дейінгі сүтті және сүтті-етті бағыттағы ірі қара малдың аналық басы) | Бас | 2 181 | 87 240,0 |
| 1.2 | Ауыл шаруашылығы жануарларының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату (400 бастан басталатын сүтті және сүтті-етті бағыттағы ірі қара малдың аналық басы) | | 17 859 | 1 428 720,0 |
| 1.3 | Ауыл шаруашылығы жануарларының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату (50 бастан басталатын ірі қара мал) | | 12 138 | 424 830,0 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2. | Ауыл шаруашылығы жануарларының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату (50 бастан басталатын шошқалар) | | 3 920 | 98 000,0 |
| 3. | Ауыл шаруашылығы жануарларының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату (50 бастан басталатын жылқылар) | | 1 872 | 14 976,0 |
| 4. | Ауыл шаруашылығы жануарларының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату (50 бастан басталатын қойлар) | | 4 049 | 12 147,0 |
| 5. | Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату | Килограмм | 60 000 | 3 600,0 |
| | Жергілікті бюджеттің бюджеттік қаражат жиыны | | | 2 069 513,0 |
| | Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен: | | | |
| 1 | Сүт өндіру құнын арзандату | | | |
| 1.1 | Бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылықтар | Өткізілген немесе өңделген килограмм | 6 000 000 | 270 000,0 |
| 1.2 | Ауыл шаруашылығы кооперативі | | 11 500 000 | 230 000,0 |
| | Республикалық бюджет қаражатының жиыны | | | 500 000,0 |
| | ЖИЫНЫ | | | 9 350 785,0 |

Солтүстік Қазақстан
облысы әкімдігінің
2021 жылғы 9 желтоқсандағы

№ 276 қаулысына
2-қосымша
Солтүстік Қазақстан
облысы әкімдігінің
2021 жылғы 2 ақпандағы
№ 15 қаулысына
2-қосымша

**2021 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басына арналған жемшөп шығындарының құнын арзандату бағыты бойынша нормативтер, өлшемшарттар, өтінім беру мерзімдері**

Ескерту. Шешім 2-қосымшамен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 09.12.2021 № 276 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

| № | Бағыты | Өлшем бірлігі | Норматив, мың теңге | Өлшемшарттар | Өтінімді беру мерзімдері |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Ірі қара мал | | | | |
| 1.1 | Сүтті және сүтті-етті бағыттағы аналық басы (50 бастан 400 басқа дейін) | Бас | 40,0 | 1) жасы 18 айдан кемінде 50 аналық мал басының болуы; 2) Өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-да және АЖБ-да сатып алынған мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі | |
| 1.2 | Сүтті және сүтті-етті бағыттағы аналық басы ( 400 бастан) | Бас | 80,0 | 1) жасы 18 айдан кемінде 400 аналық мал басының болуы; 2) Өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-да және АЖБ-да сатып алынған мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі | |
| | | | | 1) жасы 18 айдан кемінде 50 аналық мал басының болуы; | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.3. | Ірі қара малдың аналық басы (50 бастан) | Бас | 35,0 | 2) Өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-да және АЖБ-да сатып алынған мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі | ағымдағы жылғы 1 желтоқсаннан 20 желтоқсанға дейін |
| 2. | Шошқаның аналық басы (50 бастан) | Бас | 25,0 | 1) жасы 12 айдан кемінде 50 аналық мал басының болуы;<br>2) Өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-да және АЖБ-да сатып алынған мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі | |
| 3. | Жылқының аналық басы (50 бастан) | Бас | 8,0 | 1) жасы 36 айдан кемінде 50 аналық мал басының болуы;<br>2) Өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-да және АЖБ-да сатып алынған мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі | |
| 4. | Қойдың аналық басы (50 бастан) | Бас | 3,0 | 1) жасы 12 айдан кемінде 50 аналық мал басының болуы;<br>2) Өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-да және АЖБ-да сатып алынған мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі | |

Ескертпе:
САТЖАҚ - селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық қоры;
АЖБ - ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқор.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК